

THE IMPORTANCE OF CHOOSING A PERFORMING REPERTOIRE FOR A CHORAL GROUP**Tobagabylova A.,***Excellent student of Culture of the Republic of Kazakhstan,
International Kazakh-Turkish university named after H. A. Yasawi, Turkestan, acting associate professor***Alisher Zh.***International Kazakh-Turkish university named after
H. A. Yasawi, Turkestan
2nd year student of the specialty 6B01406-Music education***ХОР ҰЖЫМЫНА ОРЫНДАУШЫЛЫҚ РЕПЕРТУАРДЫ ТАҢДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ****Тобагабылова А.Ж.,***ҚР Мәдениет саласының үздігі,**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.,
қауымдастырылған профессор м.а.***Әлішер Ж.***Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.,
6B01406-Музыкалық білім мамандығының 2 курс студенті
<https://doi.org/10.5281/zenodo.10974922>***Abstract**

The experience of advanced countries (South Korea, Japan, Germany, Finland) shows that the economic achievements of these states are directly related to the wide and free access of their younger generations to art. In Finland, taxes from show business for many years are directed to the universal musical education of the younger generation, where everyone, without prejudice to the family budget, Asian countries not only limit the share of art in the school curriculum, but also strengthen their influence on the younger generation through various extracurricular art classes. In particular, visiting museums, playing in the orchestra of the school theater or singing in the choir.

The problem of updating the selection of the performing repertoire for choral groups with the promotion of works by Kazakh composers along with works of a global scale was caused by the common problems in the field of cultural introduction to Choral Art. These problems are associated with the global challenges of modernity and pressing problems in the development of music education in general.

The correct choice of a song repertoire for the choral group is of great importance in building the value orientations of society, its ideals. It is the connection of children with beautiful, inspiring music, the transfer of the ideological meaning of the composer of the work to the audience through professional performance that helps to form the socio-cultural, moral priorities and leadership qualities of singers.

Аннотация

Мақалада хор ұжымына орындаушылық репертуарды таңдау мен онымен жұмыс жасаудың маңыздылығы ашылған.

Алдыңғы қатарлы елдердің (Оңтүстік Корея, Жапония, Германия, Финляндия) тәжірибесі көрсеткендей, бұл мемлекеттердің экономикалық жетістіктері олардың жас ұрпақтарының өнерге кең және тегін қол жетімділігімен тікелей байланысты, Финляндияда көптеген жылдар бойы шоу-бизнестен түсетін салықтар жас ұрпақтың әмбебап музыкалық біліміне бағытталады, мұнда отбасылық бюджетке зиян келтірместен әркім аспапта ойнауды үйренуімен қатар ән айту дағдыларын игере алға толықтай мүмкіндігі бар. Азия елдері мектеп бағдарламасындағы өнердің үлесін шектеп қана қоймай, сонымен қатар әр түрлі сыныптан тыс өнер сабақтары арқылы олардың жас ұрпаққа әсерін күшейтеді. Атап айтсақ, мұражайларға бару, мектеп театрының оркестрде ойнау немесе хорда ән салу.

Хор ұжымдары үшін орындаушылық репертуарды таңдауды әлемдік ауқымдағы шығармалармен қатар қазақ композиторларының шығармаларын насихаттаумен өзектендіру проблемасын қою - хор өнеріне мәдени жағынан баулу саласындағы проблемалардың ортақтығынан туындады. Бұл проблемалар қазіргі заманның жаһандық сын-қатерлерімен және жалпы музыкалық білім беруді дамытудағы өзекті мәселелермен байланысты.

Хор ұжымы үшін ән репертуарын дұрыс таңдау қоғамның құндылық бағдарларын, оның мұраттарын құруда үлкен маңызға ие. Бұл балалардың әдемі, шабыттандыратын музыкамен байланысы, шығарманың композиторының идеялық мағынасын кәсіби орындау арқылы көрерменге жеткізу әншілердің әлеуметтік-мәдени, адамгершілік басымдықтары мен көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі.

Keywords: choral, performing repertoire, singing, Culture, Education, idea, plot, literary text, composer, methods.

Кілттік сөздер: хор, орындаушылық репертуар, әншілік, мәдениет, тәрбие, идея, сюжеті, әдеби мәтін, композитор, әдістер.

Қазақ халқы ежелден ән-күй өнеріне құштар ұлттың бірі. Қазіргі қазақ музыкасы кәсіби музыка өнеріне дейін өсіп жетілді. Халқымыздың музыкалық талғамы жаңа белестерге көтеріліп дамуда. Жеке ән салу мен орындаушылық өнері де одан әрі арта түсіп, көпдауысты хорға, ән-би ансамбльдеріне айналды. Қазақ музыка мәдениетінің ерекшелігі - оның өткен тарихы мен ұлттық сипатында.

Түркі тілдес республикалар композиторларының таңдаулы шығармалары концерттерде радио мен теледидар арқылы халықтар достығының фестивальдарында орындалып, елімізде және шет елдерде кеңінен мәлім болып отыр. Өнер мен мәдениеттің жетістіктері өзара алмасудың нәтижесінде оларды бар саладағы музыка өнерінің өскенін, дамығанын, достық елдердің суреткерлік мәдениетінің нығайып отырғанын, біздің музыкалық мәдени саламызға өз әсерін тигізгенін байқаймыз.

Басқа өнер түрлері сияқты хор өнері де қоғамдық өн санасының негізгі формасы. Қазіргі заман ағымына сай, еліміздің мәдениетінің өркендеуі – хор өнерінің де жаңа тұрғыдан дамуын талап етеді. Себебі хор өнерінің өзіне тән ерекшеліктері бар: ол - сөз өнері, музыкалық орындаушылық шеберлігі, көркемдік бейнелеу, сахналық өнердің амал-тәсілдерін бойына жинаған синтездік өнер. Хормен ән салу өнері жас жеткіншектердің көркемдік танымының өсу жолында эстетикалық көзқарасының қалыптасуына, сонымен қатар, еліміздегі жалпы музыка мәдениетінің өсу саласында аса маңызды орын алады.

Кәсіби хор ұжымдарымен қатар, Қазақстан Республикасында көптеген көркемөнерпаздық, оның ішінде студенттік, мектеп оқушыларының хор ұжымдары бар. Музыкалық білім беру жолында хормен орындаушылық өнер - мектеп оқушыларын музыкаға тәрбиелеудегі бөлінбейтін бір сала болып табылады. Хор өнері – біріккен ұжымдық жиынның қорытындысы іспетті, адамдардың бір-бірімен ынтымақтығы, бірлігі, келісімділігі, ұйымшылдық қасиетін көрсететін және лидерлік ықпалды арттыру, тағы да басқадай қасиеттерді қамтиды.

Хордың жұмысында көрнекті орын алатын мәселе – репертуар. Хор ұжымының мүмкіндігін ескере отырып дайындық дәрежесіне лайықты репертуар таңдаудың, әншілерінің шығармашылық өсуіне әсері бар. Сондықтан орындаушылар үшін де, тыңдаушылар үшін де құнды идеялық және көркемдік жағынан тартымды шығармаларды тыңдау - хор жетекшісінің негізгі міндеті болып табылады [1, 63 б.].

Репертуар таңдау үшін хор жетекшісі ұжымының мүмкіншілігін, өсу деңгейін міндетті түрде ескеру керек. Жаңадан ұйымдастырылған хор ұжымына бірден күрделі шығарманы беруге болмайды. Хор шығармасының партияларындағы тесситуралық қиындықтар, әуендік, дикциялық, ырғақтық қиындықтар, партитурадағы дауыс саны мен жеке партиялардың дыбыс шығару күші,

әуеннің сипаты, интонациялық қиындықтар, т.б. анықталады.

Жетекші хормен кез келген шығарманы орындаймын деп талпынғанымен, егер де сол шығарманың орындаушылық қиындығы хордың вокалды – техникалық мүмкіншілігінен жоғары болса, онда шығарманы орындау қиынға соғады. Ондай жағдайда сол шығарманы өз ұжымына ыңғайлап, өңдеуге болады. Концерттік бағдарламаны іріктегенде жетекші репертуардың тек идеялық-көркемдік құндылығына ғана көңіл бөліп қоймай, оның жанрлық жағынан (лирикалық, марш, салтанатты, т.б.) әр түрлі болуын да көздеген жөн. Сонымен қатар концертте орындау ретінде де тақырыбы сипатына қарай, мазмұндық және ырғақтық түрлеріне де байланысты әр түрлі алмасып отыруын көздейді.

Репертуардың мақсаты – хорға қатысушылардың музыкалық бейнелік ой мен шығармашылық белсенділігін дамытып жетілдіру және де интонациялық есту тәжірибесі мен қоғамдық «музыкалық есте сақтау» қабілетін байыту. Қазіргі хор өнерінің репертуар диапазоны өте кең, ал оны қалыптастырудың қайнар көзі - жолдар мен әдістері алуан түрлі.

Хор репертуарымен жұмыс жасау әдістері төмендегідей қарастырылады:

Хор партитурасын талдау жоспары:

а) Жалпы мазмұндық талдауы: негізгі идеясы, сюжеті, әдеби мәтіні, оның авторы, құрылу дәуірі, композитордың өмірбаяны, шығарманың сипаты;

ә) музыкалық шығарма жайлы мәлімет: оның композитордың шығармашылығындағы орны мен мәні; шығарма жайында қысқаша мәлімет, хордың операдағы немесе хор миниатюралардағы алатын орны (хордың рөлі);

б) музыкалық-теориялық талдауы: хор шығарманың формасы, музыкалық идеялар мен олардың дамуы, баяндалу сипаты;

в) гомофония, гармония, полифония, аралас, негізгі тональдіктің гармониясы; вокалдық-хор талдауы: хордың түрі, дауыстар диапазоны, тесситурасы, дауыстардың айтылу сипаты;

г) орындаушылық талдауы: екпін, оның өзгеруі, динамика;

д) шығарманың қиындықтарын анықтау: хордың вокалдық ырғақтығы және т.б.

Музыкалық шығарманы үйрену біраз ұзақ кезең соңында шығармаларды көпшілікпен бірге қорытындылап отырады.

Шығармаларды үйрену 3 кезеңнен тұрады: эскиздік бастау; дайындық-технологиялық; көркемдік-қорытынды.

Үйрену процесінің формула моделі: қиыннан - оңайға; оңайдан – қиынға; үйреншікті – кереметке.

1. Шығармаларды талдау: автордың (темп, агогика, ырғақ, дыбыс жүргізу тәсілі, әр түрлі штрихтар, динамика) тыңдаушыға жеткізу қалпын сақтау, әрі қарай т.б.

2. Композитор туындысының ойын жеткізе білу, ашу (хордың вокалды-хор техникасы).

1. Шығарманы талдау барысы - шығармамен танысуы - шығарманы дұрыс жолмен, жүйелі түрде қарастырылады. Хормейстер таныс шығарманы белгілі бір формада алып таныстыруға болады. Мысалы, хор әншілеріне шығармада кездесетін орындаушылық қиындықтар, дыбысталу ерекшелігі. Бастысы шығарманы фортепианода ойнап көрсету (әуенді, штрихты, белгілерін), аудио жазу болса тыңдату, бір көргеннен айтқызу өте қолайлы.

Сольфеджиолау – шығармалармен жұмыс жасаудың басты формасы болып табылады. Сольфеджиомен айтқан барысында шығарма ладты-гармониялық, метроритмдік қиындықты тудырмаса, сол кезде бір көргеннен нотамен оқып, бірден сөзімен айтуға да болады [2, 47 б.].

Ұжымды жаңа шығармамен таныстырғанда дирижер оқытушылық деңгейінде рөл атқарады. Икемді хормейстерлер хор әншілерінің интонациясы таза болмаса да, ырғақты дұрыс ұстанбаса да жұмыс ережесін үзбей жұмыс істейді, яғни дирижердың басты мақсаты әншілерге еркіндік беру, тапсырманы орындағанда оларға сенімділік білдіру, түспеген, айтпаған кемшіліктерін өздеріне білдіру. Дирижер орындаушыларға сенімділігі хормейстермен орындаушы әншілер арасындағы кемшілік өте зор рөл атқарады. Хор әншілері нота мәтінімен танысқан соң, дирижер талаптарды көтеріп, нақты айтпағандарды бірден айтуы керек.

Кейбір дирижерлар дайындық уақытының көп бөлігін жаңа шығармаға арнайды, ал кейбірі шығарманы нотамен айтуға сәл уақыт бөліп келесіге қалдырады. Келесіде ол әншілерге таныс материал ретінде көрінеді. Шығарма жүрмей жатқанда әншілердің көңіліне қондыру үшін бас жағын іздестірген жөн. Шығарманы 1-ші рет талдау бүкіл хормен немесе топтармен де қаралады және дайындықтар барлық талаптарды тез орындауға әкеледі. Хор партиясында жеке ансамбль, құрлым мен жұмыс істеу – үйренудегі ең қолайлысы.

2. Шығарманы үйрену: жаңа шығарманы үйренгенде вокалды – ансамбль принципінің негіздері ұсталады. Сольфеджиодан әнді сөзімен айтуға көшкенде түрлі буындар қолданылады. Мысалы: ла, ля, ле, ма, ми, ди, т.б.

Дыбыс әдеби мәтінге сәйкес келуі керек. Дауыстарды ән айту қалпына келтіру барысында фортепиано аспабының көмегі зор, бірақ хорды сүйемелдеусіз үйреткен дұрыс.

Ақындық мәтінді айтып үйрену үшін - жеткізілуі нақты, дауыстылар нота ұзақтығына сәйкес, дауыссыздар қысқа, созылмай айтылуы тиіс.

Бір көргеннен тиісті ырғақта оқу; ырғақсыз оқу; жылдам екпінде оқу.

Ансамбль, құрлыммен жұмыс: жалпы дыбысталуды түзету; әнші регистрін жатқызу; тиісті орындарда «цезуралар» біркелкі тыныс алу.

Динамика қалыптылығы: фразировкаға ерекше мән беру. Келесі мақсат музыкалық фактура (әуен, ырғақ, екпін, динамика) және вокалды

ерекшеліктермен жұмыс (дыбыс қалыптастыру, дыбыс жүргізу, штрих, тембр, жеткізу мәнерлігі).

3. Шығарманы әндету: хор - шығармалық үйренудегі қорытынды, оның көркемдігі, т.б. көркемдік ойды жеткізу үшін әншілерге актерлік қасиеттер қажет. Концертте орындау бүкіл дайындықтың шарықтау шыңы т.б. мысалы: М.Т.Климов хор әншілерінің мүмкіндігін ескере отырып, транспонирлеуді қолданған.

Концерт алды дайындық кезі – концертке жақын кезде тоқтаусыз қойылады. Икемді дирижерлар соңғы дайындықта орындалатын шығармалар жайында қосымша мағлұмат береді. Соңғы дайындықта сатыда тұрып, әндеткені жөн (мұнда вокалдық аппарат басқа режимде жұмыс жасайды, вокалдық тыныс сезіледі). Басты дайындық – киіммен, аз ғана тыңдаушылар алдында өткізілуі тиіс. Мұнда ұйымдастыру кезеңі, шығарманың трактовкасы, екпіні, динамикасы, сахнаға шығу, сахнадан кету, хор мен жеке орындаушылардың тұрысы, сүйемелдеушілердің орналасуы мен залдың акустикасы ескерілуі қажет. Көңіл аударылмай жүрген тағы бір мәселе – хор ұжымының эстрадаға анықтамасы. Концерттік дыбысталуы өз талабына сай болмай жатады. Сондықтан дирижер хор ұжымын эстраданың әр жеріне қойып, орындаушылықтарын көңіл қойып тыңдап, залға ең жақсы хор дыбысталуын белгілі хор бағдарламасымен айтқызу тиіс. Концерт алдындағы дайындық дауыстарды «қыздыруға» ғана қысқаша немесе қиын фразаларды айту, егер де орындалатын шығарма көлемді болса, бастапқы құрылымы ғана айтылады [3, 68 б.].

Репертуарлар: классикалық шығармалар, халық әндері, әлем композиторларының әндері, көпшілік әндер, ТМД елдері композиторларының шығармалары, орыс және шетел композиторларының хор шығармашылығы.

Хорға арналған шығармалар: *А капелла* (аспаптың сүйемелдеуінсіз айтылады) және *аспаптық сүйемелдеумен* – болып бөлінеді. Орындалатын хор шығармалары өңделген халық әндері, күйлер және авторлық әндер, сюиталар, романстар, жеткіншек жасөспірімдер әндері.

А капелла - хор айтудың ең жоғары сатысы. Хор ұжымының түрлеріне:

- халық хорлары; капелла типтес хорлар; ән-би ансамбльдері; театр хорлары; жалпы типтегі хорлар жатады.

Хормен айту дыбыс жүргізу мәнеріне қарай *«академиялық»* және *«халықтық»* болып бөлінеді. Халықтық бағыттағы хорлар шығарманы халықтық мақамда, яғни төменгі, ортаңғы, жоғары тесситуралық қатарларын тегістемей-ақ, әнді «табиғи» ашық дауыспен айтады. Хордағы ерлер мен әйелдер саны белгілі бір межемен шектелмейді. Орындалатын шығармалардағы дауыс саны да тұрақсыз, өзгеріп отырады. Себебі, әншілер қолма-қол суырып салып айтып, жаңа дауыстар қосып жіберуі мүмкін. Ән - би қимылдарымен астасып, толығы түседі. Концерт кезінде шығармаларды дирижердың басқаруынсыз, баян немесе халық оркестрінің сүйемелдеуінсіз орындайды.

Академиялық хорлар бұрынғы академиялық хорлар бұрынғы академиялық хорлар ұсынған дәстүрлі дыбыс жүргізу бағыттарын қолданады. Олардың қатарына капеллалар жатады. **«Капелла»** деп бұрын шіркеуде әншілер тобы тұратын орынды айтқан. Бұл – хормен айтудың қыры мен сырын, ән айту теориясын жетік меңгерген, әншілерінің музыкалық сауаты жоғары кәсіпқой хор коллективі. **Опера театрының хоры** – қойылатын спектакльдердегі хор шығармаларын орындайды. Ол көбінесе операдағы басты кейіпкер – халықтың ролін орындайды. Академиялық хор ұжымдарына консерваториялар мен музыка колледждерінің, педагогикалық институттарының музыка факультеттерінің және мәдениет институттарының хор дирижеры бөлімдерінің студенттік хорлары жатады. Болашақ хор мамандары мен музыка пәнінің оқытушылары үшін оқу хорларының атқаратын қызметі де аса маңызды. Өйткені, олар әйгілі композиторлардың тамаша хор шығармаларының үлгісімен осында танысып, хор жүргізудің әдіс-тәсілдерін, амал жолдарын меңгереді.

Хор шығармасын орындау кезінде әр түрлі нюанстарды қолдану нәтижесінде вокалды-хор техникасын толық меңгерген хор ұжымы шығарманың көркемдік-идеялық мәнін жеткізе отырып, ерекше мәнерлілікпен орындаушылық шыңы мен мақсатына жетеді.

Тәжірибеден көріп жүргендей, кейбір хорлардың вокалды-хор техникасы төмен дәрежеде болуы, қиын шығармаларды орындағанда оны нақтылай шығаруға шамалары келмей қиналады. Мұндай жайттарды жиі кездестіруге болады. Хор тіпті белгілі шығарманы орындай алмайтынын, хордың ансамблі, құрылымы мен дикциясының

нюанстарының жоқ екенін, яғни вокалды-хор техникасының жоқ екенін сезіп, біле тұрса да шығарманы жақсы көргендіктен оны орындағысы келеді. Мұндай ұжым жақсы ансамбльді қажет етеді, әншілердің орындауында көркем мәнерлеудің жетіспеуін анық аңғаруға болады [1, 71 б.].

Шығарманы терең сезіммен, ынталана жан дүниесімен, көркем мәнерлікпен, беріле жүректен өткізу керек. Тек техникалық жағынан дұрыс орындаудың өзі де жеткіліксіз, сонымен қатар шығарманың көркемдік жағынан әдемі болуы, мәнерлі де әсерлі орындалуы әрі шығарманың мазмұны мен сипаты сәйкестеніп, бірін-бірі толықтыра түскені абзал.

Дирижер-хормейстер орындаудың ансамбльдік үйлесімділігі мен техникалық жетілдірілуін қамтамасыз етеді, орындаушылар ұжымына өзінің көркемдік ниетін, шығарманы түсінуін жеткізуге тырысады, өйткені хор ән айту өнері толығымен шығармашылық бастамаға, хормейстер-дирижердің өз ісіне деген ерекше бейімділігіне, жүйелі еңбекке, педагогикалық, ұйымдастырушылық, ерік-жігер мен музыканттың талантына байланысты. Тұтас бейнелеу қабілеті тек өте талантты адамдардың қасиеті емес, әр музыкант әр түрлі дәлдік пен күшке ие.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тобагабылова А.Ж. Хор жүргізу. Оқу құралы. Шымкент. «Әлем» баспасы, 2019.
2. Струве Г. Хоровое сольфеджио. - Москва. Всесоюзное издательство «Советский композитор» 1979.
3. Жакеева Б. Хор үйірмесімен жұмыс. - Алматы: «Өнер», 1988.